

**"Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827
Жарлығына өзгеріс және толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 1 наурыздағы № 511 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 мамырдағы № 681 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. "Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы № 3827 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 1, 1-құжат; 2003 ж., № 44, 469-құжат; 2007 ж., № 18, 197-құжат; 2008 ж., № 23, 212-құжат; 2009 ж., № 32, 293-құжат; 2011 ж., № 58, 822-құжат; 2012 ж., № 68, 977-құжат) мынадай өзгеріс және толықтыру енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің тізбесіндегі:

3-тармақ алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1-тармақпен толықтырылсын:

"21-1. Отбасы күні – қыркүйектің екінші жексенбісі".

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев